

**"Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 28 қазандағы № 56 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 231 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 тамызда № 21083 болып тіркелді.

"Денешынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 21) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 28 қазандағы № 56 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9902 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 19 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарында:

"Жазғы Олимпиада ойындары" 2-бөлімде:

"Ауыр атлетика" бөлімшесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі  
2020 жылғы 12 тамызы № 231  
бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің міндетін  
атқарушының 2014 жылғы  
28 қазандағы № 56 бұйрығына  
қосымша

## АУЫР АТЛЕТИКА

### Ерлер

Салмақ дәрежесі	ХДС	СШ	СШК	I разряд	II разряд	III разряд	I жө. разряд	II жө. разряд	III жө. разряд
33	-	-	78	67	55	45	38	33	28
37	-	-	92	78	66	56	45	38	33
41	-	125	105	92	78	67	56	46	38
45	-	145	120	105	90	78	67	56	47
49	205	165	135	120	105	90	78	65	55
55	235	190	155	135	120	105	90	78	65
61	260	210	180	155	135	115	100	90	78
67	285	230	195	175	155	135	115	95	85
73	305	240	210	185	165	145	125	105	95
81	325	260	225	195	175	155	135	115	100
89	345	280	235	205	185	165	145	125	110
96	360	290	245	215	195	175	155	135	120
102	370	300	255	225	205	185	165	145	130
+102 (жасөспірім ұлдар )	375	305	260	230	207	187	167	147	135
109	380	307	265	235	210	190	170	150	140
+109	390	315	275	240	220	200	180	165	150

### Әйелдер

Салмақ дәрежесі	ХДС	СШ	СШК	I разряд	II разряд	III разряд	I жө. разряд	II жө. разряд	III жө. разряд
32	-	-	65	55	47	37	32	27	22
36	-	-	70	60	50	40	35	30	25
40	-	-	75	65	55	45	40	35	30
45	125	100	80	70	65	60	50	42	37
49	150	110	90	80	70	65	60	53	45
55	165	120	100	90	80	70	65	55	50
59	175	130	110	100	90	80	70	60	55
64	190	140	120	105	97	87	77	70	65
71	200	150	130	115	105	95	85	75	70

76	210	160	135	120	110	102	92	85	80
81	215	165	140	125	115	107	97	90	85
+81 (жасөспірім қыздар )	218	168	143	127	117	109	100	93	87
87	222	170	145	130	120	110	103	95	90
+87	230	180	150	135	125	117	110	100	95

## **Ауыр атлетикадан разрядтық нормалар мен талаптарды орындау шарттары**

1. Разрядтық нормалар тек қоссайыс жиынтығында ғана орындалады.
2. "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" атағы дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесіне енгізілген халықаралық жарыстарда, Қазақстанның чемпионаттарында, кубоктары мен біріншіліктерінде көрсетілген нәтижелер үшін беріледі.
3. "Қазақстан Республикасының спорт шебері" атағы дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесіне енгізілген Қазақстан Республикасының чемпионаттарындағы, кубоктарындағы, біріншіліктері мен турнирлеріндегі нәтижелері үшін беріледі.
4. 14 жасқа дейінгі қыз балалар мен 16-ға дейінгі ұлдарға "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" және "Қазақстан Республикасының спорт шебері" атағы тек ғана допингке тексеруден өткен жағдайда беріледі.
5. "Спорт шеберіне кандидат" атағы қалалық/облыстық ауқымнан төмен емес жарыстарда көрсетілген нәтижелері үшін беріледі.
6. "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" атағы, егер тұғырда төрешілік республикалық санаттағы кемінде екі және одан жоғары төреші жүзеге асырған жағдайда беріледі.
7. Конкурстан тыс жарыстарда өнер көрсеткен спортшыларға спорттық атақтар мен разрядтар берілмейді.